



Қазақстан Республикасы Астана қаласы,
Ә.Бөкейхан көшесі 10, «Қазақстан
Республикасының Тұңғыш Президенті –
Елбасының кітапханасы» ММ Жұртшылықпен
байланыс қызметі
Тел.: 8 (7172) 69-30-56, 69-30-54, 75-12-15
E-mail: presidentlibrary.pr.kz@gmail.com

АҢДАТПА

«Әлем таныған Елбасы» бейнелі кітап көрмесі

Үстіміздегі жылдың 19 қыркүйегінде сағат 9.30-да Х. Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінде Елбасының Жеке кітапханасының жинақтарынан «Әлем таныған Елбасы» бейнелі кітап көрмесінің ашылуы өтеді.

«Елбасы және тәуелсіздік, «Халық және Елбасы», «Әлем таныған Елбасы» атты үш бөлімнен тұратын көрмеде Н. Ә. Назарбаев туралы 100-ден астам басылым ұсынылатын болады. Олардың қатарында Мемлекет басшысының балалық шағы мен жастық кезеңі, ұлттық лидер, азамат ретіндегі адами жеке қасиеттері, еңбек жолы мен саяси қызметі жөнінде баяндайтын жазушылар мен публицистердің, отандық және шетелдік танымал саясаткерлердің, Елбасы замандастарының еңбектері бар. Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президентінің тағдырындағы өмір белестері мен ең есте қаларлық оқиғаларды айшықтайтын басылымдар Елбасы өмірбаянын егжей-тегжейлі бейнелеп береді. Қазақстанда және шетелдерде жарияланған тарихи-публицистикалық мақалалар мен очерктердің түрлі жинақтары тәуелсіз мемлекеттің негізін қалаған Президентіміздің Қазақстанның қалыптасуы мен нығаюындағы ерен еңбегін көрсетеді, Қазақстан жолының іргетасын қалап, жас мемлекетіміздің жетістігін қамтамасыз еткен Н. Ә. Назарбаевтың басқарушылық шешімдерінің сырын ашады. Көрмеде басылымдармен қатар Елбасының өзге елдердің басшыларымен кездесулері барысындағы тарихи сәттерді бейнелейтін архивтік фотосуреттері ұсынылады.

Көрме Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы кітапханасының «Н. Назарбаев: дәуір, тұлға, қоғам» көшпелі көрме жобасы аясында өтеді. Іс-шара ауқымды ғылыми-білім беру, мәдени-ағартушылық, сондай-ақ Атырау облысы бойынша көшпелі экскурсияларды қамтиды.

Аталмыш жоба 2017 жылдың қарашасында Алматыдан бастау алып, 2018 жылдың ақпан айында Шымкентте өз жұмысын жалғастырды. Екі қалада да жоғары деңгейде өткен көрмені 250 мыңнан астам адам тамашалады.

Көрме жобасының мақсаты – тәуелсіз Қазақстанның қалыптасуы мен дамуын, қоғамның саяси мәдениетінің тарихи эволюциясын және осы үдерістердегі Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасының тұлғалық рөлін сипаттайтын деректерді жүйелі түрде ұсыну.

Өткізілетін орны: Атырау қаласы, Студенттер даңғылы, 1, Х. Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті